

**Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының
№1 хаттамасы**

Өткізілу күні: 11.10.2021 ж
Уақыты: 11.00.

Қатысқандар саны – 9 адам (тізім бойынша)

Кеңес төрағасы: Г.Ж.Бажақанова
Хатшы: А.А.Алиева.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Педагог бейнесі- өзінді өзін тәрбиелеу жолдары.
2. Білім беру ұйымының басшысына еңбек тәртібін нығайту, педагогикалық әдептің бұзылуының алдын алу бойынша ұсыныстар енгізу

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Г. Ж.Бажақанова- кеңес төрағасы.

Бүгінгі күндері педагог бейнесі туралы, өзінді — өзін тәрбиелеу жолдары туралы әңгімеледі. Адамның өмірдегі орнын өзі белгілеу мәдениеті тәрбие мазмұнының маңызды бөлігі болып саналады. Педагог өзінің жеке басы үшін тек сыртқы мақсаттарды ғана емес, сонымен қатар өзін-өзі тәрбиелеу мақсаттарын да түсінеді. Өзін-өзі тәрбиелеу — адамның өз тұлғасын қалыптастыруға, өмірдегі өз орнын өзі белгілеуіне, өзін-өзі дамытуға, өз қабілеттерін өзі іске асыруға бағытталған мақсатты, саналы, жүйелі түрде өздігінен жүргізетін іс-әрекеті. Әр-бір педагог тек тәрбиенің заңдылықтарын біліп қана қоймай, сонымен қатар өзін-өзі тәрбиелеудің әлеуметтік-психологиялық механизмдерін жақсы түсінуі керек. Өзін-өзі тәрбиелеу өте ұзақ және адамның бүкіл өмірі бойы жалғасатын процесс екенін айта кету қажет. Өзін-өзі тәрбиелеу адамның жеке «Мендігін»- жүйелі түрде зерттеуін, қажымас қайраттылықты, үлкен ерік-жігерлік күшті қажет етеді. Өзін-өзі тәрбиелеу мектебі адамнан көптеген күш-қайратты жоғары дәрежедегі ұйымдастырушылықты, өзіне деген сын көзбен қарауды талап етеді. Неміс ақыны Ф.Логау былай деп тегін айтпаған шығар: «Өзіңмен өзің түскен күрес — ең қиын күрес.өзіңді өзің жеңген жеңіс – ең ұлы жеңіс».

Өзін-өзі тәрбиелеу адамның рухани қажеттіліктерін қалыптастыруға бағытталған. Адамның өзін-өзі жетілдіріп, өзімен жұмыс істеуінде кітаптардың маңыздылығы зор. Өйткені, кітаптар бізді жақсы адам болуға ынталандырады, қызықты адамдармен таныстырады. Кітап оқу туралы айта келе педагогтармен кітап жөнінде шаралар өткізуге ұсыныс тастады.

2. Реймов Қуандық-- «Хромтау» аудандық газет редакторы, қоғамдық бірлестіктің өкілі;

Жақсы, ақ ниетті болуға талпынбай, адамзаттың білімдер байлығын, адамзат мәдениетін игеруге тырыспай жан-жақты тәрбиелі және білімді адам болу мүмкін емес екенін баса айтты.

Психологиялық-педагогикалық ғылымдарда өзін-өзі тәрбиелеудің кең қолданылатын тәсілдері болып өзіне-өзі баға беру, өзіне-өзі бұйыру, өзін-өзі құптау, өзін-өзі түзету және т.б. саналады. Педагогтарда осы қасиеттерді жақсы бағалау керек. Жалпы өзін-өзі тәрбиелеу өзін-өзі бағалаудан басталады. Өзін-өзі бағалау адамның өзін басқа адамдармен салыстыру арқылы қалыптасады, және осындай салыстыру табиғи түрде жүргізіледі де өте қызықты болды. Адамның өзін-өзі тәрбиелеуде өзін-өзі құптаудың

маңызы зор. Әр адамның есінде өздерінің үлкен жетістіктерге жеткен кездері жақсы сақталып қалады. Адамның жетістіктері оған рухани, интеллектуалдық, күш-жігерлік қорларының ішкі мүмкіншіліктерін байқатып, өмірдің жаңа белестерін жене алатынына сенімділік тудырады. Кейбір өмірлік жағдайларда адам «өткенді ойлап» осындай жағдайдан қалай жол тауып шыққанын еске түсіргені абзал.

Педагогтардың өзін-өзі түзету оларға өз мінез-құлқын, кемшіліктерін, қателіктерін және басқа адамдарға деген қарым-қатынасын өзгертуге мүмкіндік береді. Өзін-өзі түзету адамның өзіне сын тұрғысынан қарауына байланысты болады. Осы бағытта ұсыныстар айтты.

СӨЙЛЕУШІЛЕР:

1. Даутова Гульмира Жубановна - қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

2. Казиханова Бибігул- Хромтау аудандық білім бөлімінің әдіскері

Педагог жалпы адами құндылықтардың басымдылығын мойындай отырып, әрбір адамның мәдениетінің ерекшелігіне, құндылығына және қадір-қасиетіне құрметпен қарауы тиіс. Педагогтар адамдардың қарым- қатынастар мәдениетін тәрбиелейтіндігін атады.

Кеңес шешімі:

1. Ұстаздар арасында кітап оқу, оқуға құштарлық туралы іс-шаралар өткізілсін.
2. Ұжымда жалпы адами құндылықтарды насихаттау бойынша педагогикалық оқулар ұйымдастыру қарастырылуы керек.

Кеңес төрағасы:

Хатшы:




Г.Ж.Бажаканова

А.А.Алиева